

ДЗЮДО

Жансай жарады



Нұрдос КӘРІМ,
«Орталық Қазақстан»

**Шілденің 15-16-сы күндері
дзюдо күресінен Сарбрюккенде
(Германия) Еуропа Кубогы
өтті. Аталмыш додада
қарағандылық балуандар
Жансай СМАҒҰЛОВ, Ислам
БОЗБАЕВ, Ержан ШЫНКЕЕВ
мықтылармен белдесті.**

29 мемлекеттің балуандары бағын сынаған жарыста 73 келіде белдескен Жансай Смағұлов Еуропа Кубогының жеңімпазы атанды. Алты бірдей қарсыласын қапыда қалдырған қарағандылық балуан басымдық танытты.

Іріктеу кезеңінде Германия, Франция және Перу елдерінің спортшыларын тізе бүктірді. Жартылай финалда неміс балуанынан иппон едісімен аяласын асырды.

Финалда Ресейлік Ондар Саянды жеңіп, алтын жүлдені қанжығалады.



ҚАРАҒАНДЫ - үздіктер қатарында

*19-20 шілде күндері Астана
қаласының «Қазанат»
ипподромында «EXPO - 2017»
Халықаралық көрмесі аясында
Атырау облысының күндері
өтті.*

Қазақ халқының салт-дәстүрлері мен ұлттық спорт түрлері ұлықталған аталған шарада теңге ілу, тоғызқұмалақ, қазақша күрес, жамбы ату, қыз қуу спорттық ойындары бойынша көрсетілімдер ұйымдастырылып, театрландырылған көріністі жұрт назарына ұсынды. Осы күні «Номад» каскадерлар тобының ат құлағында ойнайтын жігіттері мен қыздары көп көрсетіле бермейтін шабандоздық элементтерін көрсетіп, енерлерімен көрерменді тәнті етті. Сонымен қатар, облыс күндері аясында бәйге ұйымдастырылды. Еліміздің түкпір-түкпірінен жүйріктерін үкілеп әкелген қатысушылардың арасында Қарағанды облысының атынан қатысқан құрама мүшелері бұл бәйгеде үздік нәтижеге қол жеткізді. Жорға жарысқа қатысқан А.Төлегенов мінген Бақсұлтан жүйрігі 1 орыннан, құнан жарыста осы шабандоз мінген Ясин жүйрігі екінші орыннан, ал Аламан бәйгеде Нұрлыбек Мұхамедияровтың Бұйражал жүйрігі 3 орыннан көрінді. «EXPO-2017» Халықаралық көрмесі аясында өткен бәйгелерде Қарағанды құрамасы барлығы 4 жүлделі орынға қол жеткізді.

Н.СҰРШАҰЛЫ,
Қарағанды облысының ұлттық
және ат спорты федерациясының
баспасөз хатшысы.